

«Цеснабанк» АҚ
Директорлар Кеңесінің
2010 ж. «03» тамыздағы
№03/08/10-01 хаттамасымен бекітілген

Өзгертулер мен толықтырулар
«Цеснабанк» АҚ Директорлар Кеңесінің
2011 ж. «18» тамыздағы
№18/08/11-11 хаттамасымен бекітілген

Өзгертулер мен толықтырулар
«Цеснабанк» АҚ Директорлар Кеңесінің
2012 ж. «03» сәуірдегі
№03/04/12-01 хаттамасымен бекітілген

Өзгертулер мен толықтырулар
«Цеснабанк» АҚ Директорлар Кеңесінің
2014 ж. «10» ақпандағы
№10/02/14-09 хаттамасымен бекітілген

Толықтыру «Цеснабанк» АҚ
Директорлар Кеңесінің
2014 ж. «29» тамыздағы
№29/08/14-01 шешімімен бекітілген

Өзгертулер «Цеснабанк» АҚ
Директорлар Кеңесінің
2014 ж. «22» қазандағы
№22/10/14-01 шешімімен бекітілген

Өзгертулер мен толықтырулар
«Цеснабанк» АҚ Директорлар Кеңесінің
2015 жылғы «23» қыркүйектегі
№ 23/09/15-02 шешімімен бекітілген

Өзгертулер мен толықтырулар
«Цеснабанк» АҚ Директорлар кеңесінің
2016 жылғы 02 наурыздағы
№ 02/03/16-02 шешімімен бекітілген

Өзгертулер мен толықтырулар
«Цеснабанк» АҚ Директорлар кеңесінің
2016 жылғы 2 маусымдағы
№ 02/06/16-02 шешімімен бекітілген

Толықтырулар
«Цеснабанк» АҚ Директорлар кеңесінің
2016 жылғы 29 шілдедегі
№ 29/07/16-03 шешімімен бекітілген

Өзгертулер мен толықтырулар
«Цеснабанк» АҚ Директорлар кеңесінің
2016 жылғы 04 қарашадағы
№ 04/11/16-04 шешімімен бекітілген

Өзгертулер мен толықтырулар
«Цеснабанк» АҚ Директорлар кеңесінің
2017 жылғы 07 қарашадағы
№07/11/17-02 шешімімен бекітілген

Өзгертулер мен толықтырулар

«Цеснабанк» АҚ Директорлар кеңесінің
2018 жылғы 01 тамыздағы
№01/08/18-02 шешімімен бекітілген

Өзгертулер мен толықтырулар
«Цеснабанк» АҚ Директорлар Кеңесінің
2018 жылғы 29 тамызындағы
№29/08/18-02 шешімімен бекітілген

Өзгертулер мен толықтырулар
«Цеснабанк» АҚ Директорлар Кеңесінің
2019 жылғы 15 сәуірдегі
№ 15/04/19-01 шешімімен бекітілген

Өзгертулер
«Jusan Bank» АҚ Директорлар кеңесінің
2020ж. 21 қазандағы № 21/20/20-01 шешімімен
бекітілген

Өзгертулер
«Jusan Bank» АҚ Директорлар кеңесінің
2020ж. 29 желтоқсандағы № 29/12/20-01
шешімімен бекітілген

Өзгертулер мен толықтырулар

«Jusan Bank» АҚ Директорлар кеңесінің
2021ж. 29 желтоқсандағы № 29/12/21-01
шешімімен бекітілген

Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелері

1. Операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы осы Ереже (бұдан әрі - Ереже) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Банктер туралы Заң), Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне, "Jusan Bank" АҚ-тың (бұдан әрі-Банк) Жарғысына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді. Осы Ережеде пайдаланылатын жалпы ұғымдар, терминдер мен анықтамалар:

Анонимді өтініш - авторлығын анықтау мүмкін емес, өтініш берушінің қолы қойылмаған, соның ішінде электронды сандық қолтаңбасы, пошталық мекенжайы көрсетілмеген өтініш;

Банк - «Jusan Bank» АҚ;

Банктік омбудсман - қарыз алушы мен Банктің құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қанағаттандыру туралы келісімге қол жеткізу, сондай-ақ жеке тұлға болып табылатын қарыз алушы және осындай қарыз алушымен жасалған банктік қарыз шарты бойынша құқық (талап) берілген тұлға арасында туындайтын келіспеушіліктерді қарыз алушының өтініші негізінде реттеу мақсатында Банк пен қарыз алушы-жеке тұлға арасындағы ипотекалық қарыз шартынан туындайтын келіспеушіліктерді оның өтініші бойынша реттеуді жүзеге асыратын, өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;

банктік шот – клиенттің Банктегі ақшасының қозғалысын, сондай-ақ клиентке банктік қызмет көрсету бойынша клиент пен Банк арасындағы шарттық қатынастарды көрсету және есепке алу тәсілі;

Банктік қызметтер – Банктің Банктер туралы заңының 30 бабымен белгіленген банктік және өзге операцияларды жүзеге асыруы;

Валюталық операциялар - Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес валюталық операцияларға жатқызылған операциялар;

Депозит — белгілі бір тұлғамен (депозитор) басқа тұлғаға – Банкке бірінші талабы бойынша немесе белгілі бір мерзімде толығымен немесе бөліктермен алдын ала анықталған үстемесімен немесе үстемесіз тікелей депозиторға немесе оның тапсырмасы бойынша үшінші тұлғаларға қайтарылуы тиістігіне қарамастан номиналды түрінде қайтарылу шарттарымен табысталатын ақша;

Қосымша жай (бұдан әрі – ҚЖ) – клиенттерге банктік операциялардың нақты спектрін жүзеге асыратын, бір облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) шегінде Банк филиалының мекенжайынан басқа мекенжайда орналасқан Банк филиалының жайы (ДҚО/БҚО/КЕБ/ҚО);

жеке шарттар – бұл Банк пен Клиент арасында жасалатын, мәміленің үлгі талаптарынан ерекшеленетін және Банктің уәкілетті органдары/тұлғалары өз құзыреті шегінде, не Директорлар кеңесі Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар және (немесе) жасалуына Банктің мүдделілігі бар мәмілелер үшін бекіткен мәміле талаптары;

Клиент/клиент – банктік қызметтерді тұтынушы болып табылатын немесе банктік қызметтерді болашақта пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға;

шарттар коридоры – олардың шеңберінде Банктің уәкілетті органы шарттары Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар болып табылатын Клиенттерге және (немесе) жасалуына Банк мүдделілік танытқан мәмілелерге қолданылуы болжанатын өнімдердің паспорттарын бекітетін Банк өнімдерінің шарттары және олардың шекті шамалары. Шарттар коридоры Ереженің 5-қосымшасында және Банктің Директорлар кеңесі бекітетін Банктің басқа да ішкі құжаттарында және (немесе) Банктің Директорлар кеңесінің жекелеген шешімдерінде қарастырылған;

Кредит (қарыз) – Банктің банктік қарыз, лизингілік, факторингілік, форфейтингілік операцияларды, сондай-ақ вексельдерді есепке алуды жүзеге асыруы;

Банкпен ерекше қарым-қатынастағы тұлғалар – Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған тұлғалар.

Клиенттің хабарласуы – Банкке, оның лауазымды тұлғасына жіберілген жеке немесе ұжымдық, жазбаша, ауызша немесе электронды құжат түріндегі ұсыныс, өтініш, шағым, сұрау салу немесе пікір;

Төлем тапсырмасы – жіберушінің бенефициар (ақша алушы ретінде төлем тапсырмасында көрсетілген тұлға) пайдасына осы нұсқауда анықталған ақша сомасын аудару туралы Банкке нұсқауды ұсынуын қарастыратын төлемді және (немесе) ақша аударуды жүзеге асыру тәсілі;

Тариф – клиентке қызмет көрсеткені үшін Банкке тиесілі комиссиялық сыйақы;

Ағымдағы шот - төмендегілерге байланысты операциялар жүргізілетін банктік шот шартының негізінде Банктің клиентке ашатын банктік шоты:

- 1) клиент ақшасының бар болуын қамтамасыз етуге және банктің пайдалануына;
- 2) клиенттің пайдасына ақшаны қабылдауға (есепке алуға);
- 3) банктік шот шартында қарастырылған тәртіппен үшінші тұлғалардың пайдасына ақша аудару туралы клиенттің өкімін орындауға;
- 4) Қазақстан Республикасы заңнамасымен және (немесе) шартпен қарастырылған негіздер бойынша клиенттің ақшасын алу туралы үшінші тұлғалардың өкімдерін орындауға;
- 5) Банктік шот шартында белгіленген тәртіппен клиенттен қолма-қол ақшаны қабылдауды және оған беруді жүзеге асыруға;
- 6) Банктік шот шартында анықталған мөлшер мен тәртіпте сыйақыны төлеуге;
- 7) Клиенттің талабы бойынша банктік шот шартында қарастырылған тәртіппен клиенттің Банктегі ақша сомасы және жүргізілген операциялары жөніндегі ақпаратты ұсынуға;
- 8) Клиентке шартпен, Қазақстан Республикасының заңнамасымен және банктік тәжірибеде қолданылатын іскерлік айналым әдетімен қарастырылған өзге банктік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға;

үлгілік шарттар – Банктің уәкілетті органдары және (немесе) Банктің Директорлар кеңесі (Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар үшін және (немесе) жасалуына Банктің мүдделілігі бар мәмілелер үшін) бекіткен Банктің ішкі құжаттарының, өнімдер паспорттарының, шарттардың үлгілік нысандарының талаптарына сәйкес айқындалатын мәміле талаптарының

(сыйақы мөлшерлемелері, сомалар, мерзімдер, валюталардың түрлері және банк қызметтерін көрсеткені үшін тарифтерді қоса алғанда, мәміленің өзге де талаптары) жиынтығы;

Банктің Уәкілетті тұлғасы/Банктің уәкілетті тұлғасы – берілген өкілеттіктерге сәйкес банк қызметтерін көрсетудің жеке шарттарын бекіту және қолдану бойынша, сондай-ақ Клиенттердің өтініштері бойынша шешімдерді қарауға және қабылдауға құқылы Банк қызметкері;

Уәкілетті мемлекеттік орган - Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау бойынша мемлекеттік орган;

Банктің уәкілетті органы – Директорлар кеңесін қоспағанда, Банктің ішкі құжаттарына сәйкес Банк қызметінің мәселелері бойынша шешім қабылдауға уәкілетті Банктің органы;

Банк филиалы (бұдан әрі – филиал) – Банк атынан банктік қызметті жүзеге асыратын және Банктің берілген өкілеттілігі шегінде әрекет ететін Банктің орналасқан орнынан тыс жерде орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын Банктің ерекшеленген бөлімшесі.

қаржы ұйымы – қаржы қызметтерін ұсыну бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға.

2. Банк өз қызметін банктік және басқа операцияларды әрі бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүргізуге қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау бойынша мемлекеттік органымен (бұдан әрі – уәкілетті мемлекеттік орган) берілген лицензияның негізінде жүзеге асырады.

3. Банктің Қазақстан Республикасы аумағында филиалдар желісі және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына әрі Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес ашылған қосымша жайлары бар.

4. Осы Ереже келесі мәліметтер мен процедураларды қамтиды:

- 1) қабылданатын депозиттер мен ұсынылатын кредиттердің шекті сомасы мен мерзімін;
- 2) депозиттер мен кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті деңгейін;
- 3) депозиттер мен кредиттер бойынша сыйақыны төлеу шарттары;
- 4) Банктің қабылданатын қамтамасыз етуінің талаптары;
- 5) Банктік операцияларды жүргізуге мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті шамасы;
- 6) банктік қызметтерді көрсету туралы шешім қабылдаудың шекті мерзімі;
- 7) банктік қызметтерді көрсету барысында туындайтын клиенттердің өтініштерін қарастыру тәртібі;

8) Банктің және оның клиентінің құқықтары мен міндеттемелерін, олардың жауапкершілігін;

9) клиенттермен жұмыс жасау тәртібі туралы ережені;

10) шарттар коридоры.

Банктік өнімдер мен қызмет түрлері бойынша Банктің операциялар жүргізуінің толық шарттары Банктің ішкі құжаттарымен белгіленеді.

5. Алынып тасталды.

6. Клиентпен – Қазақстан Республикасының резидентімен/бейрезидентімен мәмілелер жасасу барысында Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасын, Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын, жалпыға ортақ қабылданған іскерлік айналым салттары мен халықаралық ережелерді, сондай-ақ Клиенттің қызметі қарауына жататын мемлекетпен Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарының ережелерін басшылыққа алады.

7. Банк валюталық бақылаудың агенті болып табылады. Банкте шетел валютасымен және/немесе Қазақстан Республикасы бейрезиденттерінің қатысуымен жүргізілетін барлық операциялар Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Банктер туралы заңның 40 бабына сәйкес Банкпен ерекше қарым-қатынастағы тұлғаларға Банк жеңілдік шарттарды ұсынбайды.

8-1. Тізілімін уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін офшор аймақтарында тіркелген тұлғаларға Банк банктік қарыз ұсынбайды.

8-2. Банк Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы әрекет ету заңнамасында, Клиентті-

контрагентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншіктенушіні тиісті түрде тексеруді жүзеге асыруды реттейтін Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған шараларды қолдана алмаған жағдайда, Клиенттермен /контрагенттермен операцияларды жүргізбейді және іскерлік қарым-қатынастар орнатпайды.

8-3. Бағыт бойынша тиісті блоктың қызметіне жетекшілік ететін Банктің басқарушы қызметкерінің шешімі негізінде Банк лауазымды жария тұлғалармен қарым-қатынас орнатады/қарым-қатынасын жалғастырады.

9. Банктік өнімдер және қызметтер бойынша шарттар, соның ішінде қолданыстағы тарифтер мен мөлшерлемелердің **күшіне ену күндері** мен оларға өзгертулер енгізу жөніндегі мәліметті, оларды қабылдаған органдар мен ішкі құжаттардың нөмірлерін көрсетумен банктік қызметтер үшін мөлшерлемелер мен тарифтер туралы ақпарат баспа түрінде жарияланады және Банктің барлық бөлімшелеріндегі клиенттер үшін қолжетімді, сонымен қатар Банктің <http://www.jusan.kz> мекенжайы бойынша интернет-ресурсында орналастырылған.

9-1. Банктің банктік қызметтер туралы жарнаманы жариялауы Қазақстан Республикасының «Жарнама туралы» Заңының және Банктер туралы Заңының талаптарына сәйкес, соның ішінде төмендегілерге сәйкес жарияланады:

1) жарнама тікелей ұсынылу сәтінде арнаулы білімсіз немесе арнаулы құралдарды қолданбай нақты әрі түсінікті болуы тиіс;

2) Мерзімді баспасөз басылымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының аумағындағы жарнама мемлекеттік және орыс тілдерінде, сондай-ақ Банктің қалауы бойынша басқа да тілдерде таратылады;

3) радиодағы жарнаманы қоспағанда, жарнамада Банктің лицензиясының нөмірі және лицензия берген органның атауы көрсетіледі;

4) қарыздар мен салымдар бойынша сыйақы мөлшерлері көрсетілген жағдайда, шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемелері (нақты құны) қарыздар мен салымдар жарнамасында (банкаралықты қоспағанда) көрсетіледі.

9-1.1. Қызметтің әрбір түрі бойынша банктік қызмет көрсету туралы өтінішті қарау тәртібі мен мерзімдері, сондай-ақ банктік қызмет көрсету тәртібі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарымен және Банктің ішкі құжаттарымен регламенттеледі.

9-1.2. Қаржы нарығындағы нарықтық конъюктураның немесе банктік қызметтерге баға белгілеуге әсер ететін экономикалық факторлардың мүмкін өзгерістеріне Банктің шұғыл әрекет етуін қамтамасыз ету мақсатында Директорлар кеңесі Банктің уәкілетті органдарына/тұлғаларына Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның айрықша құзыретіне қатысы жоқ шешімдерді қабылдауға өкілеттік беруге құқылы.

1-1-тарау. Банктік қызметтерді ұсыну тәртібі

9-2. Клиент банктік қызметтерді алу мақсатында Банкке жүгінген кезде Банк клиенттің бірінші талабы бойынша оған танысу үшін осы Ережені ұсынады.

9-3. Банк қызметін көрсету кезінде Банк:

1) банктік қызмет көрсету туралы шарт жасалғанға дейін Клиентке мыналарды ұсынады: мөлшерлемелер мен тарифтер, банк қызметін көрсету туралы өтініш бойынша шешім қабылдау мерзімдері туралы ақпарат (өтініш беру қажет болған кезде);

банк қызметін көрсету шарттары туралы ақпарат және банк қызметін көрсету туралы шарт жасасу үшін қажетті құжаттардың тізбесі;

банктік қызмет көрсету туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда клиенттің жауапкершілігі және ықтимал тәуекелдері туралы ақпарат;

клиентте туындаған сұрақтар бойынша кеңес беру;

клиенттің қалауы бойынша-банктік қызмет көрсету туралы шарттың жобасы;

2) осы Ережеде белгіленген мерзімде (осы Ережеге 3-қосымша) клиенттің банктік қызмет көрсету туралы өтінішін қарайды (өтініш беру қажет болған жағдайда);

Көрсетілген мерзімдер Банкке өтініш келіп түскен және клиент қызмет көрсету жөнінде шешім қабылдау үшін талап етілетін барлық қажетті құжаттарды және/немесе толық ақпаратты ұсынған күннен бастап есептеледі. Құжаттар немесе мәліметтер ұсынылмаған, толық ұсынылмаған не тиісті құжаттар ұсынылмаған жағдайда Банк өтінішті қабылдаудан бас тартуға

құқылы.

3) банктік қызмет көрсету туралы шарт жасалғанға дейін клиентке оның талаптарымен танысуға қажетті уақыт береді;

4) Клиентті Банкке, банк омбудсманьна (ипотекалық қарыздар бойынша), уәкілетті мемлекеттік органға немесе сотқа алынатын банк қызметі бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде оның жүгіну құқығы туралы хабардар етеді. Осы мақсатта клиентке Банктің, банк омбудсманьның және уәкілетті мемлекеттік органның орналасқан жері, пошталық, электрондық мекенжайлары және интернет-ресурстары туралы ақпарат беріледі;

б) клиент ұсынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

9-4. Банк қызметін көрсету туралы шарт жасалғаннан кейін Банк клиентке туындаған мәселелер бойынша консультациялар береді және осы Ереженің 7-тарауына сәйкес клиенттердің өтініштерін қарауды жүзеге асырады.

2-тарау. Депозиттер (салымдар) бойынша операциялар жүргізудің жалпы шарттары

10. Салымды қабылдаған кезде Банк пен Клиент арасында банктік салым шарты/кешенді шарт¹ жасалады, онда салымды қабылдау мен берудің барлық шарттары көрсетіледі.

11. Банк салымшыдан ақшаны (салымды) қабылдауға, олар бойынша банктік салым шартында/ кешенді шартта көзделген мөлшерде және тәртіппен сыйақы төлеуге және банктік салым шартында/ кешенді шартта көзделген талаптармен және тәртіппен салымды қайтаруға міндеттенеді.

12. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке тұлғалардың банк шоттарындағы және банк шотының және (немесе) банк салымының/кешенді шарттың шарттарымен және (немесе) салым құжаттарымен куәландырылған теңгедегі және олар бойынша есептелген сыйақысыз шетел валютасындағы салымдары (депозиттері) жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) объектісі болып табылады.

13. Банктік салым шарты / кешенді шарт бойынша салым ашқан кезде ақша (салым) кейіннен банктің клиенті болып табылатын тиісті сенімхат негізінде салымшының өзінің атына не белгілі бір үшінші тұлғаның атына енгізілуі мүмкін (Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда белгіленген тәртіппен ресімделген сенімхатты ұсыну талап етілмейді).

14. Заңды тұлғалардың, заңды тұлға филиалдарының және/немесе өкілдіктерінің, дара кәсіпкерлердің, жеке нотариустардың, жеке сот орындаушыларының, адвокаттардың, кәсіби медиаторлардың салымдары ұлттық валютада қолма – қол ақшамен және қолма-қол ақшасыз тәртіппен, шетел валютасында-қолма-қол ақшасыз тәртіппен қабылданады.

Жеке тұлғалардың салымдары валютаның түріне қарамастан, қолма-қол ақшамен де, қолма-қол ақшасыз тәртіпте де қабылданады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлғаның, заңды тұлға филиалының және/немесе өкілдігінің, дара кәсіпкердің, жеке нотариустың, жеке сот орындаушысының, адвокаттың, кәсіби медиатордың салымы (депозиті) бойынша есептелген сыйақыны төлеу заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, төлем көзінен табыс салығын ұстай отырып жүргізіледі. Бұл ретте клиент жүгінген жағдайда, Банк оған салық органдарымен одан әрі есеп айырысу үшін төлем көзінен ұсталған табыс салығы туралы тиісті анықтаманы ұсынады.

Резидент жеке тұлғалардың салымдары бойынша сыйақыға төлем көзінен ұсталатын салық салынбайды. Бейрезидент жеке тұлғалардың салымдары бойынша сыйақы ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалады және ұсталады.

16. Сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамаларын, Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты және / немесе жасалуында Банктің мүдделілігі бар мәмілелер үшін

¹ Кешенді шарт-бұл Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389-бабының ережелеріне сәйкес жасалатын қосылу шарты, оның талаптарын Клиент Банктің www.jusan.kz мекенжайы бойынша интернет-ресурсында орналасқан шартқа қосылу туралы өтініш негізінде жалпы қосылу жолымен ғана қабылдауы мүмкін

тұлғаларды қоса алғанда, Клиенттерден қабылданатын салымдардың шекті сомалары мен мерзімдерін (бұдан әрі – салымдар бойынша шекті шамалар) Банктің Директорлар кеңесі бекітеді.

Осы Ережелерге 2-қосымшада көрсетілетін салымдар бойынша шекті шамалар Клиенттердің санаттары бойынша белгіленеді.

Салымдар бойынша шекті шамаларды белгілеу кезінде Банк депозиттер нарығындағы мөлшерлемелердің деңгейін, банкаралық ресурстардың құнын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің мөлшерін, қаржы нарығының конъюнктурасын және баға белгілеудің өзге де маңызды факторларын басшылыққа алады.

Осы Ережеде бекітілген шекті шамалар шеңберінде қабылданатын салымдардың үлгілік шарттарын Банктің уәкілетті органы және (немесе) Банктің Директорлар кеңесі бекітеді.

Егер Клиент, оның ішінде Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлға Банктің Директорлар кеңесі бекіткен шекті шамаларға сәйкес келмейтін салымдарды орналастыру мөлшерлемелерін, мерзімдерін және сомаларын сұратқан жағдайда, сұратылатын шарттарда салымды қабылдау бойынша мәміле жасасу туралы шешімді "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" ҚР Заңының банктермен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға жеңілдік шарттарын беруге тыйым салу туралы ережелерін ескере отырып, Банктің Директорлар кеңесі қабылдайды.

17. Алынып тасталды.

18. Алынып тасталды.

19. Банктік салым шартында / кешенді шартта салымның әрбір түріне жеке-жеке сәйкес келетін сыйақы төлеу тәсілдері мен мерзімдері көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, салым банктік салым шартының қолданылу кезеңінде банктік салым шартын/ кешенді шартты бұзу арқылы кез келген уақытта талап етілуі мүмкін. Бұл ретте салым бойынша сыйақы төленбейді/ банктік салым шартында / кешенді шартта белгіленген арнайы мөлшерлеме бойынша төленеді.

20. Банк клиенттерімен жасалатын банктік салым шарттарында/ кешенді шарттарда Банк сенімді, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеуде сыйақы мөлшерлемесін көрсетеді, оның тәртібін Банктің уәкілетті органы және (немесе) директорлар Кеңесі белгілейді, ол уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес есептеледі.

21. Салымдарды қабылдау шарттары Банктің барлық филиалдары мен құрылымдық бөлімшелері үшін бірыңғай болып табылады.

21-1. Банк банктік салым шарты/ кешенді шарт жасалғанға дейін осы Ереженің 9-3-тармағының 1) тармақшасында көзделген мәліметтер мен құжаттардан басқа клиентке ауызша нысанда банктік салымдар бойынша мынадай ақпаратты ұсынады:

1) салым түрі (талап етілгенге дейінгі, мерзімді, **жинақ**, шартты) салымдар;

2) салым мерзімі (бар болса);

3) минималды салым сомасы;

4) сыйақы мөлшерлемелері, оның ішінде клиент өтініш берген күнгі дұрыс, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесі (нақты құны);

5) қосымша келісім жасаспай салым мерзімін ұзарту шарттары (бар болса);

6) салымды толықтыру, капиталдандыру мүмкіндігі;

7) салымды мерзімінен бұрын толық немесе ішінара алу шарттары, салымды мерзімінен бұрын бұзу шарттары;

8) кепілдік берілетін банк салымдары бойынша кепілдік берілген өтеудің Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген мөлшері.

21-2. Қосымша келісім жасамай банктік салым шартының талаптарына сәйкес банктік салым мерзімін ұзарту кезінде сыйақы мөлшерлемесін оны азайту жағына қарай өзгерткен жағдайда, Банк клиентке банктік салым мерзімі өткенге дейін банктік салым шартында көзделген тәсілмен сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін азайту туралы хабарлайды.

3-тарау. Қарыз операцияларын жүргізудің жалпы шарттары

22. Банктің кредиттік қызметі ашықтық, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау, халықаралық стандарттарға сәйкестік және шешімдер қабылдаудың

алқалылығы қағидаттарына негізделеді.

22-1. Банктік қарыз операциялары Банктің Директорлар кеңесі бекітетін Банктің кредит саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

23. Клиенттерге қарыздар мерзімділік, қайтарымдылық және ақылылық шарттарында беріледі.

24. Банк кредиттік қызметін келесі бағыттар бойынша жүзеге асырады:

- 1) Жеке тұлғаларға кредит беру;
- 2) шағын және орта бизнеске кредит беру;
- 3) Корпоративтік бизнеске кредит беру.
- 4) қаржы ұйымдарына кредит беру.

25. Банк жеке клиенттерге кредиттердің мынадай түрлерін ұсынады:

1) Дайын немесе салынып жатқан тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй кредиттері;

- 2) автокөлік сатып алуға кредиттер;
- 3) тұтынушылық кредиттер;
- 4) экспресс – кредиттер;
- 5) төлем карточкалары бойынша кредиттер;

5-1) қарыздар бойынша берешекті қайта қаржыландыру;

б) басқалары.

25-1. Банк жеке тұлға өтініш берген күннің алдындағы қатарынан алты ай ішінде осы валютада кірісі жоқ жеке тұлғаларға шетел валютасында ипотекалық қарыздар бермейді.

25-2. Банктің клиенттерге қарыздар беруі:

1) Банктің/Банк серіктесінің қашықтан қызмет көрсету арналары;

2) Банкпен ынтымақтастық туралы келісім жасасқан Банкке немесе Банк әріптестеріне жеке өтініш жасауы;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа байланыс арналары және клиенттермен жасалатын келісімдер арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

Қашықтан (қашықтықтан) қызмет көрсету арналары арқылы қарызды ресімдеу және беру үшін қажетті электрондық құжаттарды Банк Клиентке қашықтықтан (қашықтықтан) қызмет көрсету арналары арқылы жібереді және Клиент Банк көздеген сәйкестендіру тәсілдерімен қол қояды.

Банк клиенттерге қарыздарды, оның ішінде төлем карточкаларын пайдалана отырып береді.

26. Банк клиенттерге-шағын, орта және корпоративтік бизнес субъектілеріне мынадай мақсаттарға кредиттер береді:

- 1) негізгі құралдарды сатып алуға кредиттер;
- 2) айналым қаражатын толықтыруға берілетін кредиттер;
- 3) инвестициялық жобаларды қаржыландыруға кредиттер;
- 4) корпоративтік төлем карточкалары бойынша кредиттер;
- 4-1) қарыздар бойынша берешекті қайта қаржыландыру;
- 5) басқалары.

26-1. Банк мемлекеттік және өзге де қаржыландыру/қайта қаржыландыру бағдарламаларын іске асыру шеңберінде жасалған келісімдерге сәйкес кредиттер береді.

26-2. Банкке эмитенті Банк болып табылатын акциялармен қамтамасыз етілген қарыздар не осы акцияларды сатып алуға қарыздар беруге тыйым салынады.

27. Жеке кәсіпкерлердің заңды тұлғаларға ұсынылатын өнімдер шеңберінде де, жеке тұлғаларға ұсынылатын өнімдер шеңберінде де қарыздар (кредиттер) алу мүмкіндігі бар.

28. Сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамаларын, Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғаларды қоса алғанда, клиенттер үшін және /немесе жасалуында Банктің мүдделілігі бар мәмілелер үшін берілетін қарыздардың шекті сомалары мен мерзімдерін (бұдан әрі -Қарыздар бойынша шекті шамалар) Банктің Директорлар кеңесі бекітеді.

Қарыздар бойынша шекті шамалар осы ережелерге 2-қосымшада көрсетілген кредит беру субъектілерінің түріне қарай белгіленеді.

Сыйақының шекті мөлшерлемелерін, қарыздар бойынша шекті мерзімдер мен сомаларды белгілеу кезінде Банк кредит беру нарығындағы мөлшерлемелердің деңгейін, банкаралық ресурстардың құнын, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің мөлшерін, қаржы нарығының конъюнктурасын және баға белгілеудің өзге де маңызды факторларын басшылыққа алады.

Банктің уәкілетті органы осы Ережеде бекітілген шекті шамалар шеңберінде клиенттерге кредит беру өнімдерінің (өнімдер паспорттарының) шарттарын (үлгілік және жеке) бекітеді. Егер берілетін қарыз бойынша шарттар Директорлар Кеңесі бекіткен шекті шамаларға сәйкес келмеген жағдайда, қарыз беру туралы шешімді Банктің директорлар кеңесі қабылдайды.

Банктің Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен қарыздар беру жөніндегі мәмілелерді және/немесе жасалуына Банк мүдделілік білдірген мәмілелерді жасасуы Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптарын ескере отырып, Банктің Директорлар кеңесінің шешімі негізінде жүзеге асырылады. Егер осындай мәмілелердің үлгілік шарттарын Директорлар Кеңесі бекіткен жағдайда, банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғамен қарыздар беру жөніндегі мәмілені және (немесе) жасалуына Банктің мүдделілігі бар мәмілелерді жасасу үшін Директорлар кеңесінің шешімі талап етілмейді.

29. Бірінші абзацы алынып тасталды.

Кредит беру талаптарында мынадай параметрлер көрсетіледі: Кредит беру субъектілері, сыйақы мөлшерлемесі, қарыз валютасы, өтеу тәсілдері, қамтамасыз етудің болуы және түрі, беру мерзімі, комиссиялардың болуы және мөлшері және тиісті бағдарлама үшін Банк белгілеген басқа да параметрлер.

Қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемелері кредит берудің түрі мен нысанына, қарыз валютасына, өтеу тәсіліне, қамтамасыз ету түріне, беру мерзіміне, комиссиялардың болуына және мөлшеріне, клиенттің мәртебесіне және Банк тиісті бағдарлама үшін белгілеген басқа да параметрлерге қарай белгіленеді.

30. Клиентке кредит берудің барлық шарттары қарыз беру туралы шарттарда және кепіл туралы шарттарда көрсетіледі.

31. Клиенттермен жасалатын кредиттік шарттарда Банк уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес есептелетін дұрыс, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесін (жылдық тиімді сыйақы ставкасын) көрсетеді. Кредит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалған жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшерінен аспауға тиіс.

32. Кредиттерді (қарыздарды) пайдаланғаны үшін сыйақы алынады. Кредит (қарыз) бойынша сыйақы банкке тиесілі ақшаның жылдық мөлшері есебінен борыштың негізгі сомасына пайыздық мәнде немесе тіркелген сома түрінде айқындалады.

33-1. Жеке тұлғалармен жасалатын банктік қарыз шарттарында, оның ішінде ипотекалық қарыз шарттарында Банк сыйақының тіркелген (мөлшері белгілі бір мәнде тіркелген) не құбылмалы (мөлшері кезең-кезеңімен өзгеруі мүмкін) ставкасын белгілейді және банктік қарыз шартын жасасу күніне Банк ұсынған қарыз алушының таңдауы бойынша қарызды өтеу әдісі көрсетіледі.

Уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген жағдайларда банктік қарыз шарты жасалғанға дейін Банк жеке тұлғаға қарызды өтеу әдісін таңдау үшін әртүрлі әдістермен есептелген қарызды өтеу кестелерінің жобаларын ұсынады. Қарыз алушыға банк жеке тұлғаларға беретін қарыздар бойынша тұрақты төлемдерді есептеу әдістемесіне және уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген осындай қарыздар бойынша сыйақыны есептеу үшін уақытша базаларға сәйкес есептелген қарызды өтеу кестесінің жобалары банктік қарыз шартында белгіленген кезеңділікпен мынадай өтеу әдістерімен ұсынылады²:

сараланған төлемдер әдісімен, бұл ретте банктік қарыз бойынша берешекті өтеу негізгі

² 2016 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 1 шілдеден бастап жасалған шарттарға қолданылады;

борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақыны қамтитын азайтылып отыратын төлемдермен жүзеге асырылады;

аннуитеттік төлемдер әдісімен, бұл ретте банктік қарыз бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайтылып отыратын төлемдерді және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақы бойынша азайтылып отыратын төлемдерді қамтитын банктік қарыздың бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері басқаларынан ерекшеленуі мүмкін.

Банк Қарыз алушыға Банктің ішкі ережелеріне сәйкес есептелген қарызды өтеудің қосымша әдістерін ұсынуға құқылы.

Сыйақының тіркелген мөлшерлемесі, оның азаю жағына қарай өзгеруі немесе Банктің азаю жағына қарай уақытша өзгеруі жағдайларын қоспағанда, біржақты тәртіппен өзгертілуге жатпайды.

Сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына қарай уақытша өзгерту деп Банктің сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін белгілі бір мерзімге төмендетуі түсініледі, ол аяқталғаннан кейін сыйақы мөлшерлемесі уақытша өзгергенге³ дейін қолданылған сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерінен аспайтын мөлшерде белгіленеді.

Сыйақының тіркелген мөлшерлемесі тараптардың келісімі бойынша оның шартта айқындалған қолданылу мерзімі өткеннен кейін ұлғаю жағына қарай өзгеруі мүмкін, бірақ ол банктік қарыз шарты жасалған күннен бастап үш жылдан ерте өзгертілмейді. Тараптардың келісімі бойынша сыйақының тіркелген мөлшерлемесінің ұлғаю жағына қарай одан кейінгі әрбір өзгеруі тіркелген мөлшерлеменің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін мүмкін болады, бірақ сыйақының тіркелген мөлшерлемесінің алдыңғы өзгерген күнінен бастап үш жылдан ерте өзгертілмейді.

Сыйақының тіркелген мөлшерлемесі тараптардың келісімі бойынша шарттың қолданылу мерзімі ішінде сыйақының құбылмалы мөлшерлемесіне өзгертілуі мүмкін.

34. Клиент кредит беру туралы шартқа сәйкес есептелген сыйақыны өтейді, онда қарыз бойынша сыйақыны өтеудің әдісі, тәсілі, кезектілігі, кезеңділігі және басқа да елеулі талаптары айқындалуға тиіс.

3-1-тарау. Банктік қарыздар беру және төлеуге қабілетсіз клиенттермен жұмыс

34-1. Банк банктік қарыз шартын жасасқанға дейін осы Ереженің 9-3-тармағының 1) тармақшасында көзделген мәліметтер мен құжаттардан басқа, Клиентке ауызша нысанда банктік қарыздар бойынша мынадай ақпаратты береді:

- 1) банктік қарыз беру мерзімі;
- 2) банктік қарыздың шекті сомасы мен валютасы;
- 3) сыйақы мөлшерлемесінің түрі: тіркелген немесе құбылмалы, егер сыйақы мөлшерлемесі құбылмалы болып табылған жағдайда есептеу тәртібі;
- 4) сыйақы мөлшерлемесінің жылдық проценттегі мөлшері және оның клиент өтініш берген күнгі дұрыс, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі мөлшері (нақты құны);
- 5) Банк пайдасына банктік қарыз алуға және оған қызмет көрсетуге (өтеуге) байланысты комиссиялардың, тарифтердің және өзге де шығыстардың толық тізбесі мен мөлшерлері;

Кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғамен банктік қарыз шарты жасалғанға дейін, Банк жеке тұлғаға таңдау үшін уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіпке сәйкес қарыз бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу кезінде ескерілетін комиссиялар мен өзге де төлемдерді алу көзделмеген кредит беру шарттарын, сондай-ақ банктің сыйақы мөлшерлемесінен басқа, қарызды беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты және банктік қарыз шартында¹ көзделген комиссиялар мен өзге де төлемдерді өндіріп алу құқығын көздейтін кредит беру шарттарын береді;

- 7) банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайдағы клиенттің

³ 2016 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және 2016 жылғы 1 шілдеден бастап бұрын жасалған шарттардан туындаған құқықтық қатынастарға таралады;

жауапкершілігі мен тәуекелдері;

8) кепіл берушінің, кепілгердің, кепіл болушының және қарызды қамтамасыз ету туралы шарттың тарапы болып табылатын өзге де тұлғаның жауапкершілігі.

34-2. Банк банктік қарыз бойынша шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күніне дейінгі мерзімде Клиентті хабардар етеді:

- 1) банктік қарыз беру туралы – ауызша не Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жазбаша;
- 2) банктік қарыз беруден бас тарту туралы – жазбаша, бас тарту себептерін көрсете отырып.

34-3. Банктік қарыз шартында банктік қарыз шартының міндетті талаптарының тізбесін регламенттейтін уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актісіне және Банктер туралы Заңға сәйкес белгіленген банктік қарыз шартының міндетті талаптары қамтылады.

34-4. Банктік қарыз шартына қызмет көрсету кезеңінде Банк Клиенттің (қарыз алушының) немесе кепіл берушінің сұрау салуы бойынша (Банктер туралы заңда көзделген банктік құпияны жария етуге қойылатын талаптарды сақтай отырып) сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оған жазбаша нысанда мыналар туралы мәліметтер береді:

- 1) Банкке төленген ақша сомасы;
- 2) мерзімі кешіктірілген берешектің мөлшері (болған жағдайда);
- 3) борыштың қалдығы;
- 4) кезекті төлемдердің мөлшері мен мерзімдері;
- 5) кредит беру лимиті (бар болса).

34-4.1. Клиенттің өтініші бойынша қарыз бойынша берешек толық өтелгеннен кейін Банк өтінішті алған күннен бастап күнтізбелік он бес күннен аспайтын мерзімде берешектің жоқ екені туралы анықтаманы жазбаша нысанда тегін ұсынады.

34-5. Клиенттің өтініші бойынша Банк үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, тегін, айына бір реттен жиі емес жазбаша нысанда Клиенттің (қарыз алушының) келіп түсетін ақшасын банктік қарыз шарты бойынша берешекті өтеу есебіне бөлу туралы ақпаратты береді.

34-6. Клиенттің банктік қарыз шарты бойынша берілген ақшаны ішінара немесе толық мерзімінен бұрын банкке қайтару туралы өтініші бойынша Банк қайтарылуға тиесілі соманың мөлшерін оған жазбаша нысанда үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өтеусіз хабарлайды.

34-7. Егер банктік қарыз шартында көзделген жағдайда, Банк клиентке мерзімді негізде осы Ереженің 34-4-тармағында көзделген мәліметтерді банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен береді.

34-8. Ереженің 34-4 - 34-7-тармақтарында көзделген мәліметтер негізгі борыштың, сыйақының, комиссияның, тұрақсыздық төлемінің сомасы және айыппұл санкцияларының өзге де түрлері (банк туралы заңда тұрақсыздық төлемін/айыппұл санкцияларын алуға тыйым салуды көздейтін жағдайларды қоспағанда), сондай-ақ төленуге жататын басқа да сомалар көрсетіле отырып ұсынылады.

34-9. алынып тасталды;

34-10. алынып тасталды.

34-11. Банк банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындау мерзімін кешіктірген кезде, бірақ ол басталған күннен бастап жиырма күнтізбелік күннен кешіктірмей, Клиентті банктік қарыз шартында көзделген тәсілмен және мерзімде мыналар туралы хабардар етеді:

1) банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындау бойынша мерзімін кешіктірудің туындауы және хабарламада көрсетілген күні мерзімі өткен берешектің мөлшерін көрсете отырып, банктік қарыз шарты бойынша төлемдер енгізу қажеттігі туралы;

2) клиенттің (қарыз алушының) - жеке тұлғаның банктік қарыз шарты бойынша банкке жүгіну құқығы;

3) клиенттің (қарыз алушының) банктік қарыз шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамауының салдары.

Қарыз алушыны хабардар ету үшін Банк коллекторлық агенттікті тартуға құқылы.

34-12. Банктік қарыз шарты бойынша берешекті өндіріп алу туралы хабарламада клиент үшін банктік қарыз шарты бойынша берешектің мөлшері туралы (негізгі борыштың, сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық төлемінің және айыппұл санкцияларының өзге де түрлерінің сомасын, сондай-ақ төленуге жататын басқа да сомаларды көрсете отырып) қысқаша

ақпарат қамтылады.

Қарыз алушы – жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес банктік қарыз шарты бойынша негізгі борыш және (немесе) сыйақы сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындау мерзімін қатарынан күнтізбелік 90 (тоқсан) күн өткен соң банкке тұрақсыздық төлемін (айыппұлдарды, өсімақыны), сондай-ақ қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдерді есептеуге және талап етуге тыйым салынады. Осы абзацтың талабы, егер оны жасасу күніне негізгі борыш сомасы тіркеуге жататын мүлік кепілімен және (немесе) ақша кепілімен толық қамтамасыз етілген жағдайда, банктік қарыз шартына қолданылмайды. Жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес банктік қарыз шартын орындау талаптары өзгерген немесе жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес банктік қарызын өтеу мақсатында жаңа қарыз берілген кезде негізгі борыш сомасына капиталдандырылған (жинақталған) мерзімі өткен сыйақыға, тұрақсыздық төлеміне (айыппұлдарға, өсімақыға), комиссияларға және қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты өзге де төлемдерге сыйақы есептеуге жол берілмейді.

Клиенттің жеке тұлға болып табылатын берешегінің ұлғаюын болдырмау мақсатында Банкке жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес ипотекалық қарыз шарты бойынша негізгі борыштың және (немесе) сыйақының сомалары бойынша төлемдердің кез келгенін өтеу жөніндегі міндеттемені орындау мерзімін кешіктірудің қатарынан 180 (бір жүз сексен) күнтізбелік күні өткеннен кейін есептелген сыйақыны, тұрақсыздық төлемін (айыппұлдарды, өсімақыны), сондай-ақ қарызды беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты комиссиялар мен өзге де төлемдерді төлеуді талап етуге тыйым салынады.

34-13. Банк клиентке, сондай-ақ кепіл берушіге, кепілгерге, кепіл болушыға және қарызды қамтамасыз ету туралы шарттың тарапы болып табылатын өзге тұлғаға жергілікті уақыт бойынша сағат 21-ден 8-ге дейін банктік қарыз шартына қызмет көрсетуге байланысты хабарламаларды тапсыруға және ескертулерді жасауға (телефон арқылы қоңырау шалуға) жол бермейді.

34-13.1. Қарыз алушы Банкке банктік қарыз шарты бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алған кезде банктік қарыз шартының талаптарына өзгерістер енгізу туралы жазбаша өтінішпен жүгінген жағдайда, Банк Қарыз алушы – жеке тұлғаның жазбаша өтінішін алған күннен кейін күнтізбелік он бес күн ішінде уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актісінде көзделген тәртіппен банктік қарыз шартын өзгертудің ұсынылған талаптарын қарайды және Банктер туралы Заңның 36-бабының 1-2-тармағында көрсетілген шешімдердің бірін Қарыз алушыға жазбаша нысанда хабарлайды.

Қарыз алушының ұсыныстарын Банктің осындай өтініштерді қарауға уәкілетті органы қарайды.

Қарыз алушының Банк ұсынған банктік қарыз шартын өзгерту талаптарына жауап беру мерзімі Банктің хатында көрсетіледі және кемінде күнтізбелік он бес күнді құрайды.

34-14. Осы Ереженің 34-11-тармағында көрсетілген хабарламадан туындайтын талаптар қанағаттандырылмаған кезде Банк Клиентке Банктер туралы Заңның 36-бабында көзделген шараларды қолданады.

34-15. Егер банктік қарыз шартында Банктің банктік қарыз шарты (талап ету құқығын басқаға беру шарты) бойынша құқықты (талап етуді) үшінші тұлғаға беру құқығы көзделген жағдайда, Банк:

1) талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалғанға дейін қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) құқықтардың (талаптардың) үшінші тұлғаға өту мүмкіндігі туралы, сондай-ақ осындай басқаға беруге байланысты қарыз алушының дербес деректерінің өңделетіні туралы банктік қарыз шартында көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен хабардар етеді;

2) үшінші тұлғаға банктік қарызды өтеу бойынша одан арғы төлемдердің тағайындалуын (банктік қарыз шарты бойынша құқық (талап ету) өткен тұлғаның атауы және орналасқан жері), берілген құқықтардың (талаптардың) толық көлемін, сондай-ақ негізгі борыштың, сыйақының, комиссиялардың, тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мерзімі өткен және ағымдағы сомаларының қалдықтарын және төленуге жататын басқа да сомаларды көрсете

отырып, талап ету құқығын басқаға беру шарты жасалған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қарыз алушыны (немесе оның уәкілетті өкілін) банктік қарыз шартында көзделген не Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін тәсілмен үшінші тұлғаға құқықтың (талап етудің) өтіп кеткені туралы хабардар етеді.

4-тарау. Банк қабылдайтын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

35. Айналымнан алынған заттарды, кредитордың жеке басымен тығыз байланысты талаптарды, атап айтқанда алименттер, өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы талаптарды және басқа адамға басқаға беруге Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде тыйым салынған өзге де құқықтарды, сондай-ақ осы Ереженің 43-тармағында көрсетілген мүлікті қоспағанда, кез келген мүлік, оның ішінде заттар мен мүліктік құқықтар (талаптар) кепіл нысанасы болуы мүмкін.

36. Кепіл құқығы болашақта кепіл берушінің меншігіне немесе шаруашылық жүргізуіне түсетін мүлікке жасалған шартта қолданылуы мүмкін.

37. Мүлікті кепілге қабылдау кезінде оның өтімділігі, сұранысы, нарықтық құны, кепілге қабылдау кезіне және осы мүлікпен қамтамасыз етілген негізгі міндеттемені орындау кезіне қарай тозуы және өзге де өлшемшарттар ескерілуге тиіс.

38. Егер Банктің уәкілетті органының/ **Директорлар Кеңесінің** шешімінде өзгеше көзделмесе, Банк кепілмен қамтамасыз ету ретінде қабылдайтын мүліктің жақсы техникалық жай-күйі болуға және Банктің талаптарына сәйкес келуге тиіс.

39. Банк кепілмен қамтамасыз ету ретінде қабылдайтын мүлік, мүлікті қайта кепілге беру жағдайларын қоспағанда, үшінші тұлғалардың талаптары мен ауыртпалықтарынан еркін болуға тиіс.

40. Кепілмен қамтамасыз ету Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес міндетті мониторингке жатады.

41. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде және/немесе Банктің ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда Банк кепіл нысанасын сақтандыру туралы талаптар қоя алады.

42. Банктің ішкі құжаттарына сәйкес өзге талаптар көзделген кепіл заттарын қоспағанда, ұсынылатын кепілмен қамтамасыз етуге меншік құқығының және өзге де заттық құқықтардың туындауын растайтын құжаттардың болуы міндетті талап болып табылады.

43. Банк кепілмен қамтамасыз ету ретінде мыналарды қабылдамайды:

- Бірінші қажеттіліктегі заттар;
- Тізбесі ҚР заңнамалық актілерімен белгіленетін азаматтық айналымнан алынған мүлік;
- Айналымда шектелген мүлік (қару-жарақ пен оқ-дәрілер, аңшылық және спорттық атыс қаруы);
- Жерлер:
 - а) жалпы пайдаланудағы;
 - б) қорғаныс қажеттіліктері үшін ұсынылған;
 - в) орман қоры;
 - г) сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар;
 - д) қызметтік жер телімі;
- Уақытша өтеусіз және уақытша қысқа мерзімді (5 жылға дейін) өтеулі жер пайдалану құқығы;
- Стратегиялық маңызы бар объектілер;
- Тиісті мемлекеттік органдармен келісілген құрылысқа жобаны ұсынбай аяқталмаған құрылыс объектілері;
- Қоғам үшін елеулі тарихи, көркемдік немесе өзге де мәдени құндылығы бар мүлік;
- Жеке мүліктік игіліктер мен құқықтар (жеке адамның өмірі, денсаулығы, қадір-қасиеті, абырой, игі есім, іскерлік бедел, жеке өмірге қол сұқпаушылық, жеке және отбасылық

құпия, есім алу құқығы, автор болу құқығы, туындыға қол сұқпаушылық құқығы және басқа да материалдық емес құқықтар);

- Пайдалану мерзімі, сондай-ақ оларды салу үшін пайдаланылған материалдар банктің кепіл саясатында белгіленген өлшемдерге сәйкес келмейтін үйлер, құрылыстар мен ғимараттар.

44. Берілетін кредиттер бойынша Банк қабылдайтын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар банктің ішкі құжаттарында айқындалады және оны Банктің Директорлар кеңесі бекітеді.

4-1-тарау. Төлем карточкаларымен операциялар жүргізудің жалпы шарттары

44-1. Төлем карточкаларын пайдалана отырып операциялар көрсетілетін банк шоттарын ашу, жүргізу және жабу, төлем карточкаларын шығару және оларға қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында, сондай-ақ Банк пен Клиент арасындағы шарттық қатынастарда белгіленген тәртіптен басқа, халықаралық/ұлттық төлем жүйелерінің (Visa International, Mastercard, China Union Pay және басқалар) (бұдан әрі – ХТЖ) ережелері де қолданылады.

44-2. Төлем карточкасы Банктің меншігі болып табылады және Клиентке төлем карточкасын (оның деректемелерін) пайдалана отырып, банктік шоттағы ақшаға қол жеткізу мақсатында ғана дербес беріледі.

44-3. Егер қосымша карточка шығару Қазақстан Республикасының заңнамасына, ХТЖ ережелеріне, төлем карточкасын шығару туралы шартқа және Банктің ішкі құжаттарына қайшы келмесе, Клиенттің қалауы бойынша төлем карточкасын пайдалана отырып, үшінші тұлғаның атына қосымша карточка ресімделуі мүмкін.

44-4. Төлем карточкасы карточкалық операцияларды, төлемдерді, аударымдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, Банкпен шарттық қатынастарда, ХТЖ ережелерінде, сондай-ақ банктің ішкі құжаттарында көзделген өзге де операцияларды жүргізу үшін пайдаланылады. Банк үшінші тұлғалардың төлем карточкасына қызмет көрсетуден бас тартқаны үшін жауап бермейді.

44-5. Төлем карточкасын пайдалану Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де қолжетімді.

44-6. Клиенттің тәуекелдерін барынша азайту мақсатында Банк ХТЖ ережелері шеңберінде қолданылатындардан басқа карточкалық операциялардың жекелеген түрлерін жүргізуге шектеулер/лимиттер белгілеуге/өзгертуге құқылы.

44-7. Банк карточкалық өнімдердің тарифтері мен шарттарын өз бетінше белгілеуге/өзгертуге құқылы.

44-8. Банк төлем карточкасына қызмет көрсетуді және өз жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етеді және банкке қатысы жоқ себептер бойынша қызмет көрсету тоқтатыла тұрған жағдайда оны қалпына келтіру үшін барлық ықтимал шараларды қолдануға міндеттенеді.

44-9. Резиденттердің / резидент еместердің жеке тұлғалары үшін төлем карточкасын пайдалана отырып банктік шотты Клиенттің қалауы бойынша айқындалған теңгемен, евромен, АҚШ долларымен және/немесе өзге валютамен жүргізуге (мультивалюталық өнім) болады.

44-10. Клиенттің валюталық операцияларын жүргізу кезінде Банк Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасының талаптарына сәйкес әрекет етеді. Клиент Банкке Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес ұсынылуға талап етілетін, Клиенттің банк арқылы жүргізілетін валюталық операцияларына қатысты құжаттарды, оның ішінде валюталық операцияны сәйкестендіру үшін қажетті құжаттарды ұсынуға міндетті.

44-11. Банк шотын төлем карточкасын пайдалана отырып толықтыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолма-қол немесе қолма-қол емес тәсілдермен жүргізілуі мүмкін.

44-12. Шотты жүргізу валютасынан басқа валютада шотты толтыру кезінде айырбастау банктің айырбастау күніне белгілеген валютаны сату бағамы бойынша жүргізіледі.

44-13. Басқа банктерден және кез келген үшінші тұлғалардан келіп түсетін төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында

белгіленген мерзімдерде осындай төлемдердің немесе ақша аударымдарының келіп түсуіне байланысты комиссиялар мен шығыстарды (егер олар өнім тарифтеріне сәйкес өндіріп алынуға жататын болса) шегере отырып, Клиенттің шотына есепке алады.

44-14. Егер клиенттің тапсырмасы бойынша ұсынылатын құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келмеген және/немесе ресімделмеген жағдайда, Банк Клиенттің тапсырмасын орындаудан бас тартуға құқылы.

44-15. Клиент бастамашылық жасаған төлем Банктен төлем құжатының орындалмағаны туралы хабарлама Клиенттің нұсқауын алған күннен кейінгі 1 (бір) операциялық күн ішінде алынбаған жағдайда әдепкі бойынша орындалды деп есептеледі.

44-16. Төлем карточкасын пайдалана отырып банктік шот бойынша операциялар жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына, ХТЖ ережелеріне және/немесе Банктің ішкі құжаттарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде өзгеруі мүмкін.

44-17. Төлем карточкасын қайта шығару төлем карточкасының қолданылу мерзімі өткен/жоғалған/ұрланған/бүлінген, клиенттің тегі және/немесе аты (төлем карточкасында көрсетілген жағдайда) өзгерген жағдайда, карточканы карточкалық алаяқтық тәуекелі жоғары елдерде пайдаланған жағдайда, Банк төлем карточкаларының жария етілген деректері бойынша ХТЖ хабарламасын алған кезде және өзге де жағдайларда Банктің немесе клиенттің бастамасы бойынша Клиенттің Банкке жүгінуі арқылы жүзеге асырылады. Карточкалық алаяқтық тәуекелі жоғары елдердің тізімі Банктің Интернет-ресурсында мына мекенжай бойынша орналастырылады: www.jysanbank.kz/www.jusan.kz.

44-18. Банкке төлем карточкасының жоғалғаны, ұрланғаны немесе төлем карточкасын санкцияланбаған пайдалану туралы хабарламаған жағдайда, Клиент төлем карточкасының жоғалуымен / ұрлануымен немесе төлем карточкасын рұқсат етілмеген пайдаланумен байланысты тәуекелдерді көтереді.

4-2-тарау. Кастодиалдық қызмет

